

## 1996 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1996 жылғы 24 сәуір N 2959

"Көшіп келу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және тарихи отанына қайтып оралуға тілек білдірген босқын-репатрианттардың көшіп келуін және оларды жайғастыруды ұйымдастыру мақсатында Қаулы Етемін:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған 1996 жылға арналған көшіп келу квотасы қосымшаға сәйкес 4 мың отбасы көлемінде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

осы Жарлықты іске асыру жөнінде практикалық шаралар қолдансын;

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорынан босқын репатрианттардың көшіп келуін, олардың қабылдануын, жайғастырылуын, тұрғын үй сатып алуын және салуын ұйымдастыру үшін 670 млн. теңге көлемінде ақша қаражаты бөлінуін қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

босқын-репатрианттардың отбасылары олардың туыстық және шаруашылық-өндірістік байланыстары, мамандықтары бойынша жұмысқа орналасуы ескеріле отырып, жинақы орналастырылатын аудандарды айқындасын;

олардың қабылдануын, жайғастырылуын және оларға қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасалуын қамтамасыз етсін;

босқын-репатрианттарға тұрғын үй салу және шаруашылық қызметін жүргізу үшін жер учаскелерін бөлу туралы мәселені белгіленген тәртіппен шешетін болсын;

қоныс аударушылардың отбасыларына халықтың тиісті санаттары үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тұрғын үйге, отынға, электр энергиясына, коммуналдық және басқа қызметтерге ақы төлеу жөніндегі жеңілдіктерді қолдансын.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 6

ж ы л ғ ы

2 4

с ә у і р д е г і

N

2 9 5 9

Ж а р л ы ғ ы н а

**қосымша**

**Шет елдерден көшіп келудің 1996 жылға арналған квотасы (отбасы)**

---

Көшіп келушілер іИран іҚытай іМоңғолияіРесей іТәжік.іТүрк.іТүркия

орналастыратын іИслам іХалық і іФедера.істан імен. іРеспуб.  
 облыстар іРеспуб.іРеспуб.і іциясы іРеспуб.істан іликасы іликасы і і

Ақмола	-	-	-	50	-	-	-
Ақтөбе	-	-	-	85	-	50	-
Алматы	-	100	-	30	-	70	-
Атырау	-	-	-	-	50	-	-
Шығыс Қазақстан	-	40	20	40	-	-	-
Жамбыл	-	50	-	20	-	30	-
Жезқазған	-	-	-	35	-	-	-
Батыс Қазақстан	-	-	-	130	-	-	-
Қарағанды	-	50	20	30	-	20	-
Қызылорда	-	-	-	-	-	-	20
Көкшетау	-	-	10	-	-	-	-
Қостанай	-	-	-	140	-	-	-
Маңғыстау	400	-	-	50	-	450	-
Павлодар	-	-	20	40	-	-	-
Солтүстік Қазақстан	-	-	-	30	10	-	-
Семей	-	50	-	100	-	-	-
Талдықорған	-	60	-	20	-	-	-
Торғай	-	-	-	10	-	-	-
Оңтүстік Қазақстан	-	-	-	-	20	40	-
Алматы қаласы	5	10	-	20	5	5	-
<b>Барлығы</b>	<b>405</b>	<b>360</b>	<b>70</b>	<b>830</b>	<b>85</b>	<b>665</b>	<b>20</b>

Өзбекстан іБарлығы  
 Республикасы і

Ақмола	100	150
Ақтөбе	50	185
Алматы	100	300
Атырау	50	100
Шығыс Қазақстан	-	100
Жамбыл	250	350
Жезқазған	100	135
Батыс Қазақстан	20	150
Қарағанды	50	170

Қызылорда	-	20
Көкшетау	30	40
Қостанай	260	400
Маңғыстау	200	1100
Павлодар	80	140
Солтүстік Қазақстан	30	70
Семей	-	150
Талдықорған	20	100
Торғай	20	30
Оңтүстік Қазақстан	200	260
Алматы қаласы	5	50
<b>Барлығы</b>	<b>1565</b>	<b>4000</b>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК